Түсінік хат

Физика 9 сыныптарға арналған (аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты құрайды)

2025–2026 оқу жылына арналған 9-сыныптың «Физика» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспары және үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайтын нормативтік құжаттар басшылыққа алынды.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»**. Аталған бұйрық қолданыстағы редакциясында ескерілді.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген **«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары»**. Бұйрыққа кейінгі өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген өзгерістер ескерілді.

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген **«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары»**. Аталған бұйрықтың қолданыстағы редакциясы басшылыққа алынды.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген **«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»**. Тұжырымдамаға 2024 және 2025 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескерілді.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары»**. Қағидалардың 2023 жылғы № 96 бұйрықпен енгізілген жаңа редакциясы және кейінгі өзгерістері ескерілді.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген **педагогтер жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандары**. Бұйрықтың қолданыстағы редакциясы, оның ішінде 2025 жылғы 30 сәуірдегі өзгерістер ескерілді.

9-сыныпта «Физика» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – білім алушылардың ғылыми дүниетанымының негізін қалыптастыру, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауын дамыту, табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіндіру және талдау дағдыларын қалыптастыру, теориялық білімдерін практикалық жағдайларда қолдана білуге үйрету.

Оқу пәнінің мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер жүзеге асырылады:

1. Білім алушылардың қазіргі физикалық бейненің негізінде жатқан іргелі заңдар, заңдылықтар мен принциптер туралы білімдерін қалыптастыру;
2. Табиғатты танып-білудің ғылыми әдістерін меңгерту, физикалық шамалар мен олардың арасындағы байланыстарды түсіндіру;
3. Физикалық эксперименттерді орындау, бақылау жүргізу, тәжірибе нәтижелерін өңдеу және қорытынды жасау дағдыларын дамыту;
4. Білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттерін қалыптастыру;
5. Физикалық білімді күнделікті өмірде, техникада және қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді қолдануға үйрету;
6. Оқу-зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға, қауіпсіздік талаптарын сақтауға және ғылыми мәдениетті қалыптастыруға тәрбиелеу.

Оқу бағдарламасында оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен беріледі. Кодтық белгінің бірінші саны – сыныпты, екінші және үшінші сандары – бөлім мен бөлімшені, төртінші саны – бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді.
Мысалы, **9.5.4.3** кодында:
– «9» – 9-сыныпты;
– «5.4» – бесінші бөлімнің төртінші бөлімшесін;
– «3» – осы бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді.
9-сыныпта «Физика» пәнін оқытуға **аптасына 2 сағат, оқу жылында барлығы 68 сағат** бөлінеді.
Оқу барысында теориялық материалдарды меңгерумен қатар, физикалық құбылыстарды тәжірибе жүзінде зерттеу, зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау, есептер шығару, графиктер мен кестелерді талдау, білім алушылардың зерттеушілік және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындау көзделеді.
Физика пәнін оқыту кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері, оқу мүмкіндіктері және жеке қажеттіліктері ескеріліп, білім беру процесінде саралау, белсенді оқыту, тәжірибелік-зерттеу жұмыстары және қалыптастырушы бағалау тәсілдері қолданылады.
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарына сәйкес құрастырылып, оқу материалдарының жүйелілігін, сабақтардың өзара байланысын және оқу жүктемесінің көлемін сақтауды қамтамасыз етеді.
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бағалау барысында қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау қарастырылады.
Жиынтық бағалаудың өткізілу мерзімі, тапсырмалардың көлемі мен бағалау тәртібі қолданыстағы нормативтік құжаттар мен білім беру ұйымының бекітілген бағалау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.
Оқулық:
Н.А. Закирова, Р.Р. Аширов. **«Физика. 9-сынып»**. Астана: «Арман-ПВ», 2019.
Оқу жылы барысында күнтізбелік-тақырыптық жоспар білім беру ұйымының оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне, оқу күнтізбесіне және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес нақтылануы мүмкін.
Осы күнтізбелік-тақырыптық жоспар **2025–2026 оқу жылына арналған** және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері негізінде әзірленді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (КТЖ)

Сынып: 9 А 2025 /2026 оқу жылы

Пән: Физика

Мұғалімнің ТАӘ: Саламат Балтахожаевна Аширова

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
1	Механикалық қозғалыс	9.2.1.1 – материалдық нүкте, санақ денесі, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру	1	05.09.2025
2	Векторлар және оларға амалдар қолдану.	9.2.1.2 – векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту	1	08.09.2025
3	Вектордың координаталар осьтеріндегі проекциялары	9.2.1.3 – вектордың координаталар осіне проекциясын анықтау, векторды құраушыларға жіктеу	1	12.09.2025
4	Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу	9.2.1.4 – уақытқа тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау	1	15.09.2025
5	Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру.(Пр №1)	9.2.1.5 – түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану 9.2.1.6 – түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану	1	19.09.2025
6	№ 1 зертханалық жұмыс. «Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау»	9.2.1.7 – теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау 9.1.3.2 – эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және эксперимент жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну	1	22.09.2025
7	Дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі № 2 зертханалық жұмыс. «Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу»	9.2.1.9 – еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану 9.2.1.11 – горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау 9.2.1.12 – горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу	1	26.09.2025
8	Қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты	9.2.1.13 – дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау	1	29.09.2025
9	Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар	9.2.1.14 – сызықтық және бұрыштық жылдамдықтарды байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану	1	03.10.2025
10	Центрге тартқыш үдеу БЖБ - 1	9.2.1.15 – центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану	1	06.10.2025
11	Жұлдызды аспан Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі.	9.7.2.1 – абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату 9.7.2.2 – жұлдыздардың жарықтығына әсер ететін факторларды атау	1	10.10.2025
12	Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт	9.7.2.5 – әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру 9.7.2.6 – жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру	1	13.10.2025
13	Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары БЖБ - 2	9.7.2.7 – Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру	1	17.10.2025
14	ТЖБ №1	—	1	20.10.2025
15	Астрономия негіздерін қайталау	—	1	24.10.2025
16	ЖАЖК мен жұмыс	—	1	03.11.2025
17	Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері	—	1	07.11.2025

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
18	Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері	—	1	10.11.2025
19	Механикадағы күштер	—	1	14.11.2025
20	Механикадағы күштерді өлшеу	—	1	17.11.2025
21	Ньютонның екінші заңы, масса	—	1	21.11.2025
22	Ньютонның үшінші заңы БЖБ№3	—	1	24.11.2025
23	Бүкіләлемдік тартылыс заңы	—	1	28.11.2025
24	Бүкіләлемдік тартылыс заңы	—	1	01.12.2025
25	Дененің салмағы, салмақсыздық	—	1	05.12.2025
26	Дененің салмағы, салмақсыздық	—	1	08.12.2025
27	Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы. Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы	—	1	12.12.2025
28	Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы. Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы	—	1	15.12.2025
29	Динамика негіздеріне есептер шығару БЖБ-2	—	1	19.12.2025
30	ТЖБ №2	—	1	22.12.2025
31	Қозғалыс заңдарын қайталау	—	1	26.12.2025
32	Дене импульсі және күш импульсі Импульстің сақталу заңы.	—	1	09.01.2026
33	Реактивті қозғалыс	—	1	12.01.2026
34	Импульстің сақталу заңы. Пр. №3 сандық сапалық есептер шығару	—	1	16.01.2026
35	Механикалық жұмыс және энергия	—	1	19.01.2026
36	Энергияның сақталу және айналу заңы.	—	1	23.01.2026
37	Энергияның сақталу және айналу заңы. БЖБ №5	—	1	26.01.2026
38	Тербелмелі қозғалыс	—	1	30.01.2026
39	Тербеліс теңдеуі	—	1	02.02.2026
40	Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі.	—	1	06.02.2026
41	Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері	—	1	09.02.2026
42	№ 3-зертханалық жұмыс. "Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау"	—	1	13.02.2026
43	Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс	—	1	16.02.2026
44	Еркін электромагнитік тербелістер	—	1	20.02.2026
45	Толқындық қозғалыс	—	1	23.02.2026
46	№4-зертханалық жұмыс. "Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау"	—	1	27.02.2026

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
47	Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық	—	1	02.03.2026
48	Электромагниттік толқындар Электромагниттік толқындар шкаласы БЖБ №6	—	1	06.03.2026
49	ТЖБ №3	—	1	13.03.2026
50	Тарауды қайталау	—	1	16.03.2026
51	Жылулық сәуле шығару.Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы	—	1	30.03.2026
52	Фотоэффект құбылысы	—	1	03.04.2026
53	Рентген сәулелері	—	1	06.04.2026
54	Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты	—	1	10.04.2026
55	Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы. БЖБ№7	—	1	13.04.2026
56	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер.	—	1	17.04.2026
57	Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	—	1	20.04.2026
58	Ядролық реакциялар. Радиоактивті ыдырау заңы	—	1	24.04.2026
59	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. Ядролық реакторлар	—	1	27.04.2026
60	Термоядролық реакциялар. Радиоизотоптар, радиациядан қорғану .	—	1	04.05.2026
61	Элементар бөлшектер. Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы. №8 БЖБ	—	1	08.05.2026
62	Экологиялық мәдениет	—	1	15.05.2026
63	ТЖБ №4	—	1	18.05.2026
64	Тарауды қайталау	—	1	22.05.2026
65	9 сыныпты қайталау	—	1	25.05.2026
	Барлығы		**65**	